

Маңғыстау облысы әкімдігінің және Маңғыстау облыстық мәслихатының кейбір қаулылары мен шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 384 қаулысы және Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/450 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 қаңтарда № 2939 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 6 желтоқсандағы № 361 және Маңғыстау облыстық мәслихатының 2011 жылғы 6 желтоқсандағы № 39/450 «Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары туралы» қаулысы мен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2118 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2011 жылғы 29 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулы мен шешімнің қосымшасындағы кестедегі «селолар» деген сөз « ауылдар» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 желтоқсандағы № 307 және Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 7/92 «Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары туралы» Маңғыстау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 6 желтоқсандағы № 361 қаулысына және Маңғыстау облыстық мәслихатының 2011 жылғы 6 желтоқсандағы № 39/450 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» қаулысы мен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2194 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2013 жылғы 2 ақпанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулы мен шешімнің қосымшасы осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Маңғыстау облыстық мәслихаты аппаратының басшысы (Д. Сейбағытов) осы қаулының және шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, «Әділет» ақпараттық – құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының және шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары
Ә. А. Шөжеғұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы және шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен
бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Айдарбаев

Сессия төрағасы

М. Ибағаров

Хатшысы

Облыстық

мәслихат

Б. Жүсіпов

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 384
қаулысына және Маңғыстау облыстық
мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 29/450 шешіміне қосымша

Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төленетін төлемақының базалық ставкалары

№	Әкімшілік - аумақтық бірлік	Базалық ставка (теңге)
Ақтау қаласы		
1.	Ақтау қаласы	1815
2.	Өмірзақ ауылы	1815
Жаңаөзен қаласы		
3.	Жаңаөзен қаласы	1165
4.	Қызылсай ауылы	1165
5.	Теңге ауылы	1165
Бейнеу ауданы		
6.	Бейнеу ауылы	300
7.	Ақжігіт ауылы	115
8.	Боранқұл ауылы	100
9.	Қаркөл ауылы	100
10.	Ноғайты ауылы	100
11.	Сам ауылы	100
12.	Сарға ауылы	115
13.	Сыңғырлау ауылы	115

14.	Тәжен ауылы	110
15.	Төлеп ауылы	110
16.	Тұрыш ауылы	100
Қаракия ауданы		
17.	Жетібай ауылы	335
18.	Мұнайшы ауылы	335
19.	Аққұдық ауылы	126
20.	Бостан ауылы	144
21.	Бостанқұм ауылы	135
22.	Құланды ауылы	144
23.	Кұрық ауылы	445
24.	Қызылсу ауылы	135
25.	Сенек ауылы	144
26.	Төлеп ауылы	126
Маңғыстау ауданы		
27.	Ақшымырау ауылы	140
28.	Басқұдық ауылы	105
29.	Боздақ ауылы	120
30.	Бекі ауылы	125
31.	Жарма ауылы	110
32.	Жармыш ауылы	140
33.	Жыңғылды ауылы	140
34.	Қияқты ауылы	100
35.	Қызан ауылы	140
36.	Онды ауылы	130
37.	Өтес ауылы	140
38.	15 бекет ауылы	105
39.	Сазды ауылы	110
40.	Тасмұрын ауылы	105
41.	Тиген ауылы	105
42.	Тұщыбек ауылы	110
43.	Тұщықұдық ауылы	140
44.	Ұштаған ауылы	145
45.	Шайыр ауылы	140
46.	Шебір ауылы	140
47.	Шетпе ауылы	210
Мұнайлы ауданы		
48.	Атамекен ауылы	660
49.	Басқұдық ауылы	770
50.	Батыр ауылы	440
51.	Баянды ауылы	710
52.	Емір шағын елді мекені	115

53.	Дәулет ауылы	630
54.	Қызылтөбе ауылы	630
55.	Бірлік ауылы	630
56.	Маңғыстау ауылы	675
Түпқараған ауданы		
57.	Форт Шевченко қаласы	670
58.	Баутин ауылы	690
59.	Ақшұқыр ауылы	870
60.	Қызылөзен ауылы	145
61.	Сайын Шапағатов ауылы	770
62.	Таушық ауылы	145

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК